

**ӨРКЕНИЕТ ҰҒЫМЫНА ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ**

Қазіргі заманғы әлем онтологиясын өркениеттік тұрғыдан зерттеу қазіргі таңда отандық философтар мен әлеуметтанушыларды, тарихшылар мен мәдениеттанушыларды, жалпы гуманитарлық ғылым өкілдерін қатты қызықтырып отырған мәселе - өркениет мәселесі. Өркениет ұғымы, жалпы өркениет мәселесі социо-гуманитаристикада орталық мәселелердің біріне айналып отыр./1/. Біздің көзқарасымызға сай бұл қызығушылықтың бірнеше себептері бар тәрізді. Біріншіден, тәуелсіздік алған Қазақстан елі өзіндік өркениетті қалыптастыруға ұмтылуда. Екіншіден, көптеген батыс ғалымдарының пайымдауынша кемелденген әрбір мәдениет өркениетке ұласпай қоймайды. Сонда Қазақстан елі өркениеттіліктің қай сатысына көтерілді, біздің таңдап алған өркениеттілік жолымызды айқындайтын параметрлер қандай деген сұрақтар көпшілікті, зиялы қауым мен ғалымдарды ойландырмай қоймайды. Үшіншіден жаһандану процесі мен ұлттық дамудың арасында сабақтастық бар ма, жалпы жаһандану ұлттық өркениеттерге қалай әсер етеді? Міне бұл сұрақтар санасы ояңған, көкірегінде көзі бар азаматты ойландырмай қоймайды. Осы төңіректегі сұрақтар өркениет атты құбылысты жан-жақты талдауды талап етеді.

«Өркениет» ұғымы туралы айтқанда бұл терминнің семантикалық және этимологиялық мағынасының өте ауқымды екеніне назар аудару қажет. Отандық ғылымда да, шет елдік ғылымда да өркениет ұғымының бір жақты түсіндірмесі жоқ. «Өркениет (цивизилация) семантикалық жағынан алғанда (латын тілінің «civilig» сөзі) азаматтық» дегенді білдіреді. Римдіктер бұл ұғымды «варварлықтар» деп өздері атаған, басқа халықтармен мемлекеттерден айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданған. Яғни «өркениет» олардың түсініктері бойынша азаматтық қоғамы, қалалық мәдениеті, заңға негізделген басқару тәртібі бар Рим империясының даму дәрежесін білдіреді./2/. Қазіргі мағынадағы «өркениет» сөзі ХУІІІ ғасырдың ортасында кең қолданысқа ие болды. Оның кең таралуына француз ойшылдары Буланже мен Гольбах көп ықпал етті. Бастапқыда бұл ұғым прогресс теориясы аясында пайда болып, «тағылыққа» қарама-қарсы бүкіл әлемдік тарихи процестің сатысы, еуроорталықтық интерпретациядағы прогресс мұраты ретінде қабылданды. Француз ағартушылары өркениет деп парасат пен әділеттілікке негізделген қоғамды атады. Яғни өркениеттіліктің негізгі айқындаушы факторларының бірі парасаттылық болып табылады. Парасаттылық бұл жерде адамзаттың тек рухани кемелденуін ғана білдірмейді. Парасаттылық адамзаттың өзін қоршаған ортаны (табиғи және әлеуметтік) мақсатқа сай ұйымдастыра алуында да көрініс табады. Мысалы, егер алғашқы қауымдық құрылыста адамзат тіршілікке жарамсыз жерлерді игеруді әлі үйрене қоймаса, Ежелгі Шығыс өркениеттерінде адамзат осындай жерлерді (батпақ, шөл жерлерді), суару жүйелерін салу арқылы игеріп, тұрақты мекеніне айналдырады. Сөйтіп адамзат тарихындағы алғашқы өркениеттердің негізін қалайды. Бұл процесс өркениеттердің материалдық негізін ғана қалап қоймай, әлеуметтік қарым-қатынастардың белгілі бір жүйеге түсуіне ақпал етеді. Сондықтан өркениеттік процестің екінші жағы әлеуметтік қатынастардың күрделенуі мен дифференциациялануы болып табылады. Егер алғашқы қауымда дүниетанымдық, құндылықты әртектілікке (гомогендікке) орын болмаса, өркениеттілікте плюралистік дүниетаным негіздері қалыптаса бастайды. Өркениеттіліктің қалыптасуында әділеттілік ұғымы да маңызды рөл атқарады.

Егер алғашқы қауымда кім күшті соныкі дұрыс болса, алғашқы өркениеттерде әлеуметтік қатынастар белгілі бір нормаларға сай реттеліп отырады. Ендігі жерде әділеттілік ұғымы заңдылық, заңға сәйкестілік принциптерінде көрініс табады. Әрине, алғашқы өркениеттерді әділетті қоғам деп айтуға болмас, алайда адамды қорғаудың моральдік-құқықтық негіздері осы кездерде қалыптаса бастайды. (Мысалы Шумер өркениетіндегі Шулға заңдары және т.б.).

Өркениеттіліктің дамуында діни наным-сенімдер де маңызды рөл атқарды. Дін

өркениеттердің қалыптасуының рухани – адамгершілік негізін қалады және әртүрлі мәдениеттерді топтастыруда үлкен қызмет атқарады. Діндер ұлы өркениеттердің ірге тасын қалап, рухани өзегіне айналды.

Өркениет мәселесі ұзақ бойы батыс еуропалық әлеуметтану, философия тұрғысынан зерттеліп келді. Олардың көзқарасы бойынша әлемде тек бір ғана дамыған өркениет бар ол батыс өркениеті. Ал басқа мәдениеттер осы өркениеттің тек баспалдақтары ғана. ХУІІІ ғасырдағы Еуропа ойшылдары тарихтың жалпылама бірегей үлгісін жасауға талпынды. Бұл көзқарас, мысалы неміс ойшылы Гегельдің тарих философиясында айқын көрініс тапты. Алайда ХІХ ғасырдың басында адамзат тарихы монистік тұрғыдан түсіндірудің орнына адамзат тарихына деген плюралистік көзқарас орнықты. Бұл көзқарастың орнығуына еуропалықтардың басқа халықтардың әдет-ғұрыптары, мәдени дәстүрлері мен танысуы себеп болды. Америка мен Азияның ежелгі өркениеттерімен жақын танысқан Еуропа ғалымдары батыс өркениеттерінен басқа да өркениеттердің болғанын, олардың да өзіне тән даму жолы бар екендігін, кезінде гүлденіп дамыған бұл өркениеттердің уақыт өте солғанын айқындады.

Осылайша өркениеттің «этнографиялық» концепциясы дүниеге келді. Оның негізінде әрбір халықтың өз өркениеті болады деген көзқарас жатты. ХІХ ғасыр басындағы романтикалық тарихнама өркениет ұғымына аймақтық-тарихи сипат берді.

ХІХ ғасыр басында Ф.Гизо адамзаттың прогрессивті даму идеясымен тарихтың көптүрлілігі арасындағы қайшылықты шешуге талпынады, сөйтіп өркениеттің этно-тарихи концепциясының негізін қалайды. Ф.Гизоның айтуынша аймақтық өркениеттермен қатар адамзат қоғамы прогресі ретіндегі де өркениет бар. Яғни жалпы адамзаттық өркениет дегеніміз ұлттық өркениеттер жетістігінің синтезі. Ал ұлттық өркениеттер – уақыт пен кеңістік аясында қалыптасып, қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаға бейімделу барысында дараланатын тарихи-мәдени қауымдастықтар. Алайда барлық халықтар өз өркениетін қалыптастыру деңгейіне көтеріле алмайды. С.Темірбеков «Өркениетті тек қуаты мен мүмкіндігі бар, тарих талабына жауап бере алатын халықтар ғана құра алады»-деп жазады /3/. Бұл көзқарас А.Тоинбидің «Тарихты игеру» атты еңбегінде көрініс тапқан идеялардан бастау алады. Тоинби өркениетті кеңістік пен уақыт шеңберінде шектелген ерекше әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырады. Өркениеттердің ерекшелігінің немесе бірегейлігінің негізінде дін мен технологиялық даму параметрлері жатыр. Жоғарыда аталған Гизоның пікірінше өркениет екі элементтен сыртқы әлеуметтік және ішкі интеллектуалдық компоненттерден тұрады. Осы екі құбылыстың әлеуметтік және интеллектуалдықтың өзара байланысы өркениеттік дамудың негізін қалайды. Л.Уаит өркениетті ішкі ұйымдасуы, қоғамның негізгі құрамдас бөліктері болып табылатын техника, әлеуметтік ұйымдастыру және философиясы тұрғысынан қарастырады. Алайда, Л.Уаит техникалық дамуға ерекше мән береді, техниканың дамуы оның ойынша басқа компоненттердің де дамуын айқындайды.

ХХ ғасыр ойшылдарының ішінде өркениет мәселесін жан-жақты зерттеген О.Шпенглер болды. Шпенглер жалпы адамзаттық өркениет бар дегенді жоққа шығарады. Оның пікірінше «Адамзат тарихы» деген бос сөз, ол тұйықталған бірегей мәдениеттерді тануға кедергі жасайды. Шпенглер концепциясы адамзат тарихының әмбебапта кескінін жасап, ортақ даму заңдылығымен қисынын айқындау талпынысын теріске шығарды. Бұл жерде тарихқа деген еуроорталықтық көзқарасты сынауда Шпенглер еңбегінің маңызы зор екендігін айта кетуіміз керек. Көп жағдайда, Шпенглерге дейінгі Еуропа ойшылдары адамзат өркениеті деп Еуропалық өркениетті қарастырады, ал қалған өркениеттер оның шет аймақтары саналады. Еуропа ойшылдары әлемдік тарихтың ортасына Еуропа тарихын орналастырып, басқа өркениеттер тарихына еуропалық көзқарас тұрғысынан қарайды. Бұл позиция өркениеттерді зерттеуде методологиялық қателіктерге жол ашады.

Шпенглер тарихта болған сегіз өркениетті атап көрсетеді. Оларды бір-бірімен салыстыруға болмайды. Өйткені олардың озығы да, көш соңында қалғаны да жоқ. Олар өзіндік бірегей мәдениеттер. Олардың өзіндік тарихы, қайталанбас тағдыры бар. О.Шпенглер концепциясында әрбір мәдениеттің бірегейлігі «прасимвол» түсінігі арқылы айқындалады. «Прасимвол» мәдениеттің барлық салаларын қамтып, оған қайталанбас сипат береді. Әрбір мәдениет пайда болу, гүлденіп даму, солып ыдырау кезеңдерін бастан

кешіреді.

Мәдениеттің солып, ыдырау кезеңін Шпенглер өркениет деп атайды. Өркениет сатысында мәдениет ішкі рухани қуатынан айырылып, шығармашылық қабілетін жоғалтады. Шпенглер пікірінше мәдениет пен өркениет әртүрлі құбылыстар емес, қайта біртұтас құбылыс, бұл жерде мәдениет даму мен гүлдену кезеңі болса, өркениет-дағдарыс пен ыдырау кезеңі. Өркениеттердің ыдырауына руханилықтың сарқылуы, адам санасының таза утилитарлық мақсаттарға интенциялануы себеп болады.

Әлеуметтанушы П.А.Сорокин өркениеттің іргетасы құндылықтар жүйесі болып табылады деп санайды. Осы құндылықтар жүйесінің өзгеруі өркениеттің тарихи жаңа типтерінің қалыптасуына себеп болады. Құндылықтар өркениет пен қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтып, өркениетке тұтастық сипат береді. Егер әлеуметтік қатынастар өркениеттердің қалыптасуының алғышарттарының бірі болса, құндылықтар өркениеттің негізі болып табылады.

Қазіргі таңда «өркениет туралы» айырықша ғылымды қалыптастырып, оның жалпы теориясын жасауға деген талпыныс та жоқ емес. Осы тұрғыда өркениет теориясы мен тарихын бөліп қарастыру қажет. Өркениет теориясы - өркениет туралы жалпы ілім. Ал тарихта бар және болған өркениеттер өте көп. Сондықтан барлық өркениеттерге ортақ өркениеттік процестің болуы да мүмкін емес. Бұл тұрғыда біз өркениеттің плюралистік концепциясын толықтай қолдаймыз.

XVIII-XX ғасырларда ғылымда әртүрлі «детерминизмдер» кеңінен қолданылды. Өркениеттік процестерді түсіндіруде де ойшылдар осы «детерминизмдерді» аттап өте алмады. Солардың бірі Француз ойшылы Ш.Монтескье идеяларынан бастау алатын «географиялық детерминизм». Оның негізгі мәнісі: қоғам мен өркениеттердің қалыптасуына географиялық жағдайлар, топырақтың құнарлылығы және т.б. тікелей әсер етеді. Осы сарынды орыс ойшылы Л.И.Мечниковтың «Өркениеттер және ұлы тарихи өзендер» атты кітабында кездестіруге болады. «Экономикалық детерминизм» К.Маркстің қоғамдық-экономикалық формациялар ілімінде жан-жақты көрініс тапты. Бұл ілім қоғамның қалыптасуындағы материалдық факторлар мен процестерге басты назар аударады. Бұл туралы профессор Н.Байтенова: «Формациялық тұрғыдан қарастырудың негізінде қатаң детерминизм жатыр, ол ақыр соңында тарих дамуына фотолистік, адамға орын қалдырмайтын көзқарасқа алып келеді»-деп жазады. /1;2/.

Бұл ілім батыс қоғамның жаңа заман кезеңіндегі әлеуметтік өмірін түсіндіруде өзінің жаңашыл прогрессивті рөлін орындағанмен, адамзат тарихындағы барлық қоғамдардың өзіндік ерекшеліктерін толықтай ашып береді деп айту қиын. Бұл ілімнің шектеулігі, әсіресе, Шығыс қоғамдарын қарастырған кезде айқын көзге түседі. «Формациялық қадымның аясына сыймайтын көптеген сұрақтар ежелгі өркениеттердің пайда болуын талдау барысында туындайды»-дейді белгілі мәдениеттанушы Т.Ғабитов /4/. Жоғарыда айтылған пікірлер тарихта өз орны бар әртүрлі өркениеттерді бірыңғай теориялық методологиялық ұстанымдар мен принциптер негізінде зерттеудің мүмкін еместігін дәлелдейді. Әрбір өркениет өзінің қайталанбас ішкі қисыны негізінде дүниеге келеді, өсіп-өнеді, солып-сөнеді, қайта жаңғырады. Өркениеттер де жанып-өшіп, өшіп-жанып тұратын галактикалар іспетті. Сондықтан «Қазіргі тарихи шындықтар онтологиясын жан-жақты зерттеу үшін қазіргі заманғы әлеуметтік зерттеулердің адекватты және объективті методологиялық негіздерін қалыптастыру үшін барлық тарихи фактілер мен оқиғалардың, сондай-ақ барлық концепциялардың, парадигмалар мен гипотезалардың маңыздылығы методологиялық принципін негізге ала отырып дүниені оның көптүрлілігінде қарастыру қажет» /5/.

Өркениеттің философиялық аспектілерін зерттеу Қазақ өркениетінің іргелі принциптері мен ерешеліктерін, болмыс-бітімі мен даму бағдарларын айқындауға мүмкіндік береді. Қазақ өркениетінің тарихи тағдыры, өткені мен ертеңі-қазақ зиялы қауымын терең толғандырып отырған келелі мәселелердің бірі. Еліміз тәуелсіздігін алып, тұғырын айқындаған соң халықтар қауымдастығындағы өз орны мен маңызын анықтап алуға ұмтылуы заңды құбылыс, себебі кемелденген, санасы орныққан халық алдына бұл

мәселелерді қоймай тұра алмайды. Бұл туралы Е.Омаров: «Мойындау қиын, бірақ кеңестік кезеңдегі философиялық әдебиетте де, шет елде де «түркі өркениеті» мен «түркі мәдениеті» ұғымдары болмады, болса да өте сирек қолданылды, «қазақ философиясы», «қазақ өркениеті» ұғымы мүлдем болған жоқ»... «Қазақ халқының тағдырына дерт болған «мәңгірттілік» ұғымын мәңгілік жою үшін бүгін бұл туралы ашық айтуымыз керек. Қазіргі біздің даму сатымызда қазақ өркениетінің мәселелері өзінің өміршеңдігін дәлелдеп, тарихи-теориялық және философиялық пікір-таластардың пәніне айналып отыр және іргелі зерттеулерді талап етеді», - деп жазады /6/. Яғни қазіргі отандық философия ғылымының кезек күттірмейтін келелі міндеттерінің бірі қазақ өркениетінің тарихи-философиялық және методологиялық негізін қалыптастыру болып табылады. Осы тұрғыда «далалық өркениет», «көшпенді өркениет», «оазистік өркениет», «отырықшы өркениет» ұғымдары жан-жақты талдауды талап етеді. Біздің пікірімізше бұл ұғымдардың мән-мазмұны жеке дара қарастыру барысында емес, қайта бір-бірімен тығыз сабақтастықта, іштей тұтастықта талдау барысында айқындалады. Бұл «субстанция» мен «модус» ұғымдары сияқты. Қалай десек те аталған өркениеттер бір ортақ «ұлы дала өркениетінің» әр түрлі көріністері, тарихи шындықта айқындалу формалары. Жоғарыда аталған өркениет модустары бір-бірімен іштей тұтасып келіп «қазақ өркениеті» ұғымында синтезделеді. Әрине «қазақ өркениетінің» өзіне тән тарихи бастаулары мен кезеңдері де бар екенін ұмытпаған жөн. «Бұл әлеуметтік-мәдени тұтастық өзінің бірегейлігі мен дамуға қабілеттілігін ұзақ ғасырлар бойы сақтап келді, өйткені оның құрамдас элементтері белгілі тепе-теңдік жүйеде болды». «Қазақ өркениетті» ұғымы аймақтық өркениеттерге жатады және енді ғана қалыптасып келе жатыр. Ал тарихи тұлғысынан алғанда ол басқа көне өркениеттер мен қатар тұр, оның мәдени және философиялық тамырлары тереңде жатыр, ол сақ-скиф өркениетінің мұрагері болып табылады»(6;1). Яғни «қазақ өркениетінің» архетипі сақтар мәдениеті мен өркениеті болып табылады.

Біз жоғарыда өркениеттердің қалыптасуында діни наным-сенімдерінің алатын орнына тоқталдық. Осы тұрғыда да «қазақ өркениетіне» байланысты бірнеше сұрақтар туындайды. «Қазақ өркениетін» сақ-түркі өркениетінің заңды мұрагері санайтындар қазақ өркениетінің рухани бастауларын тәңірлік, аруаққа табынушылық сияқты көне наным-сенімдермен айқындауға талпынады. Әрине бұл наным бітімдерінің «архетиптер» ретінде халық жадында сақталып қалатынын жоққа шығаруға болмайды. Алайда X ғасырдан бастап «қазақ өркениетінің» дамуында жаңа кезең басталады. Өйткені ескі мәдени парадигмалар мен ұстанымдар қоғамның тұтастық ретінде үйлесімді дамуын қамтамасыз ете алмайды. Тарихқа көз салсақ барлық халықтар осы сатыдан өтеді. Сөйтіп тарихқа «ислам супер өркениеті» келеді. Ендігі жерде тағы да рухани-идеялық синтез жүзеге асады. Ислам көптеген халықтардың, соның ішінде түркі халықтарының да ғасырлар бойғы рухани құндылықтарын өзіне синтездеп, жаңа әлеуметтік-мәдени тұтастықтың қалыптасуына негіз болады. Қазақ халқының руханилығында исламның сыртқы формальды-догматикалық жағына қарағанда, оның ішкі дүниетанымдық-моральдық жағы терең ұяланды. Аллахқа табынушылыққа қарағанда, оған деген махаббат алдыңғы қатарға шықты. Ал махаббат адамнан құлшылықтан гөрі бостандықты, дүниеге деген ашықтықты қажет етеді. Яғни, айтайын дегеніміз, ислам (ислам бұл жерде «гуманистік ислам») қазақ бойындағы игі қасиеттерді шектемеді, жоймады, керісінше оларға жаңа сипат беріп, рухани сабақтастықты қамтамасыз етті. Ислами құндылықтар «қазіргі қазақ өркениетінің» қалыптасуында игі рөл атқарды. Алайда өркениет тарихи процесс болғандықтан онда қатып-семіп қалған, мәңгі өзгермейтін ештеңе жоқ. Біздіңше қазіргі қазақ өркениетінің алдында тұрған асу білімділік пен руханилықты, техника-технология мен мәдениетті, іскерлік пен адамгершілікті ұштастыру.

Өзінің барлық құрамдас компоненттерін үйлесімді дамытып, тұтас жүйеге біріктіре алған өркениет қана тарих талаптарына жауап беріп, ұзақ уақыт бойы тұрақты дами алады.

## Әдебиеттер

1. Байтенова Н. Да қазақ түрік халықаралық журналы, 2005, № 19(3).
2. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану. –Алматы: Раритет баспасы, 2002. -20 б.
3. Темірбеков С. Введение в культурологию. -А., 1996. 147 б.
4. Ғабитов Т. Цивилизация как предмет культурологического анализа. Материалы международной научной конференции Казахстанская цивилизация в контексте глобализации и поиски путей культурной идентификации. -А., 30-31. октябрь 2003, –с.78.
5. Байтенова Н. Некоторые методологические проблемы исследования цивилизации. Материалы международной научной конференции. Казахстанская цивилизация, –с.15.
6. Омаров Е.С. Казахская цивилизация в философском осмыслении и взглядах казахстанцев по результатам социологического анализа. Цивилизации человечества-история и современность / Материалы международной научной конференции. - Алматы, 5-9 июля 2005, -с.159-160.